«8D03106 – Аймақтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тұралин Есенғазының Мұхаметжанұлының «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы. тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

ПІКІР БЕРУШІНІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес орындалған. Қазақстанның ұлттық даму жоспары – 2025» (ҚР Президенті Жарлығы, 2021 ж.) құжатында көрсетілген:ұлттық мүддені халықаралық деңгейде ілгерілету; көпвекторлы сыртқы саясатты нығайту; жаһандық процестерге белсенді қатысу міндеттерімен сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған ғылым мен технологияларды дамытудың тұжырымдамасы: «Ұлттық мүддені қорғаудың ғылыми негіздері» және «аймақтық тұрақтылықты ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету» мақсаттарына нақты сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс автордың жеке бастамасымен орындалған, мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе мақсатты бағдарламаларға қатысы жоқ. Диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалмаған. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді. -Әлеуметтік жіне гуманитарлық ғылым бағытындағы зерттеулер.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым	

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыстың тұжырымдары, зерттеу барысында алынған қорытындылар, ғылыми жаңалығы халықаралық қатынастар ғылымына елеулі үлес қосады. Себебі зерттеуде Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастар (1991-2024 жж.) түркі тілдес елдер арасындағы ықпалдасу аясында бірінші рет қарастырылып отыр. Қазақстан мен Түркияның түркі тілдес елдер арасындағы интеграциялық бірлесуді дамытуға қосып отырған үлесінің зерделенуінің өзі ғылыми тұрғыдан алғанда аса маңызды мәселе. Жұмыста екі мемлекеттің тәуелсіздік алғаннан бергі қарым-қатынасының кезеңдері жүйеленіп, олардың саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығы кешенді түрде қарастырылып, стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілгені пайымдалады. Сонымен бірге түркі тілдес елдердің өзара ықпалдасу үдерісінің соңғы жылдардағы нәтижелері мен жетістіктері кешенді зерттеліп, баға беріліп, бірінші рет ғылыми айналымға енгізілген. Зерттеу аймақтық интеграция теорияларының (неофункционализм, институционализм, аймақтану теориясы) негізінде түркі ынтымақтастығының ерекшелігін түсіндіреді. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның сыртқы саяси доктринасын дамытуға, халықаралық ұйымдардағы (БҰҰ, ЕҚЫҰ, ТМҰ) ұстанымдарын нығайтуға және түркі интеграциясының болашағын бағалауға практикалық тұрғыда да құнды. Зерттеу нәтижесінде пайымдалған екі елдің ынтымақтастығы мен түркі елдері ынтымақтастығына қатысты ғылыми негіздеулер маңызды болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа;	1)Ғылыми зерттеу жұмысының жазылу деңгейі - орташа, дегенмен зерттеу жұмысын автордың өзі жазған.

		3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Зерттеу мәтіні ғылыми диссертациялық жұмыстарды жазу талаптарына толық сай емес. Автор зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері, нысаны және пәнін дұрыс анықтағанмен, жұмысты жазуда логикалық бірізділік, үйлесімділік және ғылыми негізді жүйелілік көбіне сақталмаған. Мәтінде қазақ тілінің стилистикасы дұрыс сақталған, бірақ орысша атаулар (ОТГ, ССТГ т.б.) және орфографиялық қателер кездеседі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	4.1 1) -Диссертациядағы зерттеу тақырыбының өзектілігі жақсы негізделген. Автор Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара қатынастарды түркі тілдес елдер ынтымақтастығы аясында қарастыруға қазақстан ғылымында бірінші рет талпыныс жасап отыр. Автор атап көрсеткен Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастардың стратегиялық серіктестік дәрежесіне көтерілуі; энергетика, көлік-логистика саласындағы кейінгі кездегі ірі жобалардың екі елдің ынтымақтастығының геосаяси деңгейге жетілдірілуі; түркі елдерінің ықпалдастығын дамытуда Қазақстанның құрылымдық бастамалары мен Түркияның оны қолдап дамытуы; екі елдің арасындағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейге жетуі мен олардың түркі елдері ықпалдастығын күшейтуге бағытталған әрекетінің аймақтағы қауіпсіздікті нығайтуға үлес қосатындығы; мәдени-рухани, ғылым-білім саласындағы екі елдің де, түркі елдерінің де рухани жақындасуы осының бәрі тақырыптың өзектілігін айқындайды. Тақырыптың өзектілігін негіздеуде автор қазіргі кездегі түркі елдері ынтымақтастығын дамытуда Түркия мен Қазақстанның бірқатар бастамалармен көшбасшылық рөл атқарып отырғандығын, олардың қозғаушы күш ретіндегі әрекеттерінің арқасында түркі елдерінің кейінгі кездегі ынтымақтастығының жандануы мен Түркі Мемлекеттері Ұйымының (ТМҰ) құрылуы және ТМҰ-ның құрылуымен осы елдер арасындағы ынтымақтастықтың стратегиялық үлкен мәнге айналғындығын, геосаяси деңгейге көтерілгенін ғылыми тұрғыда негіздейді.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	4.2 1)-диссертацияның тақырыбы зерттеу жұмысының мазмұнын айқындайды. Диссертацияның құрылымы тақырыпқа сай дұрыс белгіленген. Әрбір тарауда белгіленген зерттеу нысаны бойынша тұжырымдамалар, теориялық түсініктер, негізгі қорытындылар мен пайымдаулар ғылыми негізде жасалынған. Тақырыптың өзектілігі жан-жақты ашылып көрсетілген, алынған нәтижелер және зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы негізделген.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	4.3 1) сәйкес келеді Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толығымен сәйкес келеді. Автор ең алдымен аймақтық интеграцияның даму проблемаларын, концепцияларын талдай отырып, түркі елдерінің ықпалдасу үдерісіне осылардың әсерін анықтауды мақсат еткен. Екінші тарауда Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастарды салаларға бөліп қарастыруды белгіліген. Үшінші тарауда түркі тілдес елдердің ықпалдастығын дамытудағы Қазақстан мен Түркияның белсенді рөлін көрсете отырып, бұл екі елдің арасындағы ынтымақтастық қатынасқа түркі елдерінің өзара қарым-қатынасы қалай әсер етуде және қазақ-түрік тандемі түркі елдері ықпалдасуын дамытуда қандай рөл атқарып отырғанын анықтауды мақсат еткен. Бұл диссертацияның ғылыми ізденіс деңгейін арттырып, зерттеу тақырыбының өзектілігі мен теориялық-практикалық маңыздылығын толық айқындайды. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді, мазмұндық құрылымы жағынан біртұтас ғылыми тұжырымдаманы қалыптастырады және зерттеу нәтижелерінің маңыздылығын ашуға мүмкіндік береді.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	4.4 1) толық байланысқан Диссертацияның тараулары және бөлімдерінің атаулары, тақырыптары дұрыс белгіленіп, өзара байланысқан.
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	4.5 2) талдау ішнара жүргізілген Зерттеу жұмысында бірінші тарауда автор бірқатар аймақтық интеграциялық үдерістер туралы тұжырымдамаларға салыстырмалы талдау жасаған және ТМҰ-ның қазіргі даму тенденциясы осы тұжырымдамаларға сәйкес келеді деген қорытынды берілген. Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынасты зерделеуге арналған тарауда ғылыми талдау мәселесінде нақты фактілер, статистикалық анықтамалар мен сандық деректер нақты көрсетіліп, жылдармен бөлініп талданбаған. Түркі елдері арасындағы экономикалық, мәдени ынтымақтастықтың нәтижелері, сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, толыққанды салыстыра талданбаған.
		1) сыни талдау бар;	
		2) **талдау ішінара жүргізілген;**	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	5.1 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа) Түркі тілдес елдер арасындағы ықпалдасу үдерісі және Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастар қазақстан ғылымында барынша зерттеліп келеді. Бұл жерде автордың жаңалығы екі елдің арасындағы қатынастарды ТМҰ аясында көрсетуі және соңғы жылдардағы үдерістерді талдауында. Сондай-ақ автор аймақтық ықпалдасу үдерісіне қатысты тұжырымдамаларға салыстыра талдау жасаған және ол тұжырымдамалардың ТМҰ интеграциясын дамытуға қаншалықты ықпал ететіндігі пайымдалған. Автор Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастарды 4 кезеңге бөліп қаратырған және оның нәтжелерін талдап, жеткен деңгейіне баға берген. Түркия мен Қазақстан тандемін жан-жақты талдай отырып, оның ерекшелігін атап өткен және бұл тандемнің күшті және әлсіз жақтары белгіленген жақсы SWOT талдау жасалған. Қазақстан мен Түркияның түркі ықпалдастығын дамытудағы қызметі талданып, бұл елдердің ТМҰ-ны дамытудағы үлестері анықталған және екі мемлекет те түркі интеграциясының қозғаушы, бастамашы күші деп баға берілген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);**	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			Қазақстан мен Түркия арасындағы және түркі тілдес елдер арасындағы соңғы жылдардағы ынтымақтастық қатынастардың нәтижесі цифрлық деректер негізінде талданып, жаңа деректер бірінші рет ғылыми айналымға енгізілген. Қазақстан ғылымында Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастар және түркі тілдес елдер арасындағы ықпалдасу үдерісі бұрыннан зерттеліп келе жатқандықтан ғылыми жаңалықтарды ішнара жаңа деуге болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	5.2 1) толығымен жаңа Ғылыми зерттеу жұмысының қорытындылары әрбір тараудың тақырыбы, зерттеу нысаны және пәніне негізделіп жасалынған. Автор аймақтық ықпалдасу үдерісінің тұжырымдарын зерттей келе зерттеу барысында аймақтық және субаймақтық интеграциялық процестердің классикалық теорияларын (неофункционализм, институционализм, аймақтану теориясы) салыстырмалы тұрғыда қарастырып, олардың түркі интеграциясына бейімделуін алғаш рет жүйелі түрде талдады. Бұл қазіргі халықаралық қатынастардағы интеграция теорияларын түркітілдес мемлекеттердің тәжірибесімен ұштастырған жаңа ғылыми әдіс. Бұған дейінгі еңбектерде Қазақстан-Түркия қатынастырының көбіне тек саяси-экономикалық өлшем қарастырылса, мұнда мәдени-гуманитарлық, білім, ғылым, денсаулық сақтау сияқты салалардағы ынтымақтастықтың да жаңа мазмұны ашылған. Қазақ-түрік тандемінің үлгілік рөлі туралы жаңа тұжырым берілген. Қазақстан мен Түркия қатынастарының эволюциясы жай ғана тарихи сипатта емес, аймақтық интеграциялық модельдің үлгілік тетігі ретінде негізделді. Яғни, қазақ-түрік тандемінің ТМҰ аясындағы медиативтік және үйлестіруші рөлін анықтау – бұрын ғылыми әдебиетте толық ашылмаған жаңа тұжырым. Қазақстан түркі ықпалдасуының құрылымдарының бастамашысы болса, Түркия осы институттардың жұмысын дамытуда белсенділік танытып отыр деген пайымдау жасалған.

			Автор түркі елдері арасындағы ынтымақтастықтың ТМҰ-ның құрылуымен жаңа сипатқа өтуі Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық қатынасты одан әрі жаңа геосаяси деңгейге көтерді деген пікір білдірген. Өз кезегінде Қазақстан мен Түркия арасындағы екі жақты қатынастардағы жеткен жетістіктер де түркі елдерінің ынтымақтастығын одан әрі дамытуға үлес қосып отыр деген қорытынды жасалған. Осының айғағы ретінде ТМҰ-ның құрылғандығын дәлел ретінде пайымдаған. Жаңа ұғымдар мен концепциялар қолданысы. Диссертацияда «жұмсақ күш», «бренд», «имидж», «ақылды қуат» сияқты қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы ұғымдар қазақ-түрік қарым-қатынастарына қатысты талданып, олардың ғылыми айналымға енгізілуі зерттеудің теориялық жаңалығын айқындайды. Жұмыста білім, цифрлық технология, жасыл экономика, мәдени-гуманитарлық байланыстар бағытындағы интеграцияның болашағына қатысты нақты ғылыми ұсыныстар жасалған. Бұл ұсыныстар тек талдау ғана емес, практикалық құндылық ретінде бағаланады. Диссертацияның өн бойында жасалған қорытындылар, идеялар, ұсыныстар мәнді, мағыналы және ғылыми негізді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	5.3 2) ішінара жаңа Зерттеу жұмысында диссертация авторы бұрын әзірленген және ұқсас зерттеулерде сыналған әдістемелік тәсілдерді осы зерттеуде қойылған нақты мәселелерді шешуге бейімдеу арқылы қолданған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Автордың қорғауға ұсынған тұжырымдарының бірқатарын қолдауға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	7.1 1) дәлелденді Зерттеу жұмысында келтірілген қағидаттар теориялық, әдіснамалық және практикалық тұрғыда жеткілікті дәлелденген. Дегенмен, рецензенттік ескерту ретінде: кейбір қағидаттарды сандық деректер мен статистикалық көрсеткіштер арқылы қосымша күшейту зерттеу сенімділігін одан әрі арттыра алады. 7.2 2) жоқ Диссертация қағидаттары тривиалды емес, керісінше ғылыми айналымға қосылған жаңа көзқарастар мен тұжырымдарды білдіреді. 7.3 1) ия Бұл диссертациялық жұмыстағы қағидат жаңа деп бағалануға толық негіз бар, себебі: Жаңалығы теориялық тұрғыда – Қазақстан мен Түркия қарым-қатынастары тек прагматикалық мүдделер тұрғысынан ғана емес, идеологиялық-құндылықтық және өркениеттік факторлар арқылы талданған. Жаңалығы эмпирикалық тұрғыда – бұрын ғылыми айналымға енбеген архивтік құжаттар мен келісімдер пайдаланылып, қағидат нақты деректермен дәлелденген.Ұсынылған қағидат жаңа, себебі ол түркі интеграциясы мен қазақ-түрік қатынастарын бағалауда жаңа теориялық

		7.4 Қолдану деңгейі:	тұғырды, жаңа әдіснамалық тәсілді және жаңа эмпирикалық базаға сүйенген тұжырымдарды қамтиды. 7.4 3) кең диссертацияда ұсынылған қағидаттар мен ғылыми нәтижелердің қолдану деңгейі кең деп айтуға болады Ғылыми саладах алықаралық қатынастар, аймақтық интеграция, түркітану және геосаясат салаларындағы зерттеулерге теориялық үлес қосады. Жаңа әдіснамалық тәсілдер (құндылықтық-идеологиялық факторды интеграция талдауында пайдалану) басқа зерттеулерде қолданылуы мүмкін. Саяси-дипломатиялық тәжірибеде Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық, экономикалық және мәдени ынтымақтастықты дамытуда практикалық ұсыныстар береді.Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) аясындағы интеграциялық саясатты жетілдіруге септігін тигізеді. Білім беру саласындаУниверситеттерде халықаралық қатынастар, аймақтық саясат, түркітану пәндерінде оқу құралы немесе қосымша материал ретінде пайдалануға болады.Жас зерттеушілерге жаңа әдістемелік база қалыптастырады. Ұсынылған ғылыми қағидаттардың қолдану ауқымы кең: олар тек ғылыми ортада ғана емес, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлауында, дипломатиялық практикада және білім беру жүйесінде де тиімді пайдаланылуы мүмкін. 7.5 1) ия Диссертацияда ұсынылған қағидаттар мен тұжырымдар автордың жариялаған мақалаларында дәлелденген деп айтуға болады. 1. Scopus Q2 журналындағы мақала History of Regional, Social and Political Relations between Kazakhstan and Turkey (1991–2020) Мұнда Қазақстан–Түркия қарым-қатынасының тарихи кезеңдері жүйелі талданып, аймақтық және саяси өлшемдер негізінде қағидаттардың ғылыми дәйектілігі бекітілген. 2. ҚазҰПУ, ҚазҰУ, Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ Хабаршылары
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			– Бұл мақалаларда мәдени, дипломатиялық, экономикалық қатынастар жеке-жеке қарастырылып, диссертациядағы тұжырымдар нақты эмпирикалық мысалдармен дәлелденген. 3. ТМҰ тақырыбындағы мақалалар Түркі мемлекеттер ұйымы аясында Қазақстан мен Түркияның рөлі алғаш рет кешенді түрде сараланып, қағидаттың жаңалығы теориялық және практикалық тұрғыдан дәйектелген. 4. Халықаралық конференция материалдары Автор 5 халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндама жасап, мақалалар жариялаған. Бұл ғылыми қауымдастық тарапынан талқылану, сарапталу мүмкіндігін берді. Диссертацияда ұсынылған қағидаттар тривиалды емес, жаңа және олар автордың жарияланған мақалаларында дәлелденген. Жарияланымдардың деңгейі (Scopus Q2, ҚР БҒМ БҒСБК тізіміндегі журналдар, халықаралық конференциялар) қағидаттардың ғылыми сенімділігін күшейтеді.Демек, диссертацияның негізгі нәтижелері тек мәтін деңгейінде емес, халықаралық және ұлттық ғылыми ортада сыннан өткен.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	8.1 1) ия дәйектілік қағидаты бойынша әдіснаманы таңдау мақалада нақты жазылған. Автор теориялық негізділікті сақтап, зерттеу объектісі мен тақырыбына сәйкес әдістерді таңдаған. Әдістер қолдану реттілігі мен логикасына сай келтірілген, яғни әрбір зерттеу кезеңі алдыңғысына негізделіп, кейінгі қорытындыларға ықпал етеді. Бұл дәйектілік қағидаты зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәлдігін қамтамасыз етеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және	8.2 1) ия диссертация жұмысының нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми әдіснамалық талаптарға сәйкес, компьютерлік технологияларды, деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынған деп айтуға болады.

		интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	8.3 1) ия Диссертацияда теориялық қорытындылар мен модельдер өзара байланыстар мен заңдылықтар арқылы негізделген.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	8.4 Расталған. Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып расталған. Автор отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне, халықаралық қатынастар теориясы өкілдерінің концепцияларына, сондай-ақ ресми құжаттарға (мемлекетаралық келісімдер, ТМҰ құжаттары, халықаралық ұйымдардың мәліметтері) сілтеме жасаған.Scopus және ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журналдардағы жарияланымдар, конференция материалдары ғылыми дәйектілікті күшейтеді.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеу жұмысында зерттеуші 350 дереккөздерін пайдаланған
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	9.1 1) бар Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы Қазақстан мен Түркия арасындағы 1991–2024 жылдардағы қарым-қатынастарды түркі интеграциясы, халықаралық қатынастар теориялары және аймақтық саясаттың заманауи тұжырымдамалары аясында кешенді талдауында көрініс табады. Зерттеу нәтижелері халықаралық қатынастар, аймақтық саясат және түркітану салаларында теориялық білімді толықтырып, ғылыми категориялар мен ұғымдық аппаратты дамытуға елеулі үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	9.2 1) ия Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың даму тенденцияларын жан-жақты сараптау негізінде алынған нәтижелердің нақты қолданбалы құндылығында айқындалады. Саяси-дипломатиялық салада – зерттеу нәтижелері Қазақстан мен Түркияның сыртқы саяси стратегияларын жетілдіруге, екіжақты және көпжақты деңгейдегі дипломатиялық байланыстарды нығайтуға, Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) шеңберінде интеграциялық саясатты дамытуға пайдаланылуы мүмкін. Экономикалық және көлік-логистикалық саясатта – диссертацияда жасалған қорытындылар аймақтық сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыруға, көлік дәліздері мен энергетикалық жобаларды тиімді жоспарлауға негіз бола алады.Мәдени-гуманитарлық салада – білім, ғылым, мәдениет, туризм және денсаулық сақтау салаларындағы ұсыныстар екіжақты серіктестікті дамытуға нақты бағдар бере алады.

			Ғылыми-оқыту үдерісінде – диссертация материалдары халықаралық қатынастар, аймақтық саясат, түркітану пәндерінен оқу курстарын жетілдіруде, сондай-ақ болашақ мамандарға арнап арнайы курстар мен семинарлар жүргізуде қолданыла алады. Мемлекеттік бағдарламаларда – зерттеу нәтижелері Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын жүзеге асыруда, түркі интеграциясы бойынша ұлттық стратегияларды әзірлеуде қосымша ғылыми негіз ретінде қызмет етеді.Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы – оның қорытындылары мен ұсыныстары сыртқы саясатты жетілдіру, аймақтық интеграциялық процестерді дамыту, ғылыми-білім беру жүйесін байыту бағытында нақты қолданбалы сипатқа ие.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	9.3 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); Тәжірибелік ұсыныстар жартылай жаңа болып табылады. Түркітілдес мемлекеттер аясындағы Қазақстан мен Түркия елдері арасындағы саясатқа қатысты бұрын қарастырылмаған немесе жетілдірілген тәсілдер ішінара ұсынылған. Қазіргі халықаралық жағдайларға сай өзекті және жаңаша әдістерді ішінара қамтылған. Сыртқы саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған нақты және іске асырылатын ұсыныстар ішінара берілген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1)** жоғары; 2) **орташа;** 3) орташадан төмен; 4) төмен.	2) орташа Мәтін қазақ тілінде, стилитикалық ережені сақтай отырып ғылыми стильде жазылған. Дереккөздерге нақты сілтемелер берілген. Бірақ мәтін бойында орфографиялық қателер және орыс тіліндегі атаулар мен терминдер кездеседі. Мәтіннің өз ішінде логикалық байланыс, бірізділік және біржақты жүйе сақталмаған.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Диссертация жұмысының мәтінінің жазылуы, баяндалуы мазмұндық және құрылымдық жағынан жеткіліксіз деңгейде дайындылған. Жұмыстың баяндалуында логикалық бірізділік пен ғылыми жүйелілікті күшейту жұмыстың сапасын арттырар еді. 2. Түркі тілдес елдер аясындағы қазақ-түрік қатынастарын түркі елдері ынтымақтастығымен үйлестіріліп жазылып, ғылыми негізде толықтыра түсуді және жүйелеуді қажет ететін тұстары бар.

			3.Жасалған пайымдаулар мен қорытындылар жалпы алғанда дұрыс, дегенмен мәтінде олардың бәрін логикалық тұрғыдан бірізді етіп жан-жақты талдау мен жүйелі түрде дәлелдеуді күшейту қажет.. Кейбір параграфта ғылыми талдау, дәлелдеу, негіздеу жеткіліксіз деңгейде. 4. Жұмыстың 2-тарауы негізінен Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастарды зерделеуге арналған. Осыған орай, кезеңдерге бөлу мәселесін тікелей екі елдің өзара қатынастарына бағыттап нақтылау жұмыстың мазмұнын айқындай түсер еді. Ал түркі елдерінің ынтымақтастығын қарастыру 3-тарауда қамтылған. 5. Қазақстан менТүркия арасындағы қатынастардың экономикалық мәдени, саяси ынтымақтастығын талдауда статистикалық модельдер мен эконометрикалық талдаулар аз қамтылған. Сандық әдістерді қолдану жұмыстың дәлелдемелік базасын күшейтер еді. 6. 2.1-параграфта Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастарды кезеңге бөліп сипаттау (77–79 беттер) қарастырылғанымен, одан әрі түркі елдерінің ынтымақтастығы мәселесіне ауысу байқалады (79–98 беттер). Параграф тақырыбында белгіленген мәселені толық аша түсу және нақты ғылыми талдауды күшейту жұмыстың мазмұнын тереңдете түсер еді. 6. 2.3.1-параграфта тақырыптың мазмұны жалпы қарастырылғанымен, оны ғылыми тұрғыдан жүйелеу мен жан-жақты ашып көрсету қажеттілігі байқалады. Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық қатынастарға арналған бөлімдер (136–138; 143–151; 153–154 беттер) мазмұнды жазылған. Дегенмен, мәтіннің басқа бөліктерінде түркі елдері ықпалдасу үдерісіне қатысты материалдар қайталанып берілген (139–142; 152; 154–155 беттер). 7. 3-тарауда Қазақстан мен Түркия қатынастары түркі елдері ынтымақтастығы аясында қарастырылған. Бұл бағыт орынды болғанымен, оны дәлелді түрде үйлестіру мен жүйелі талдауды кеңейту жұмыстың құндылығын арттыра түсер еді. 8. 3-тараудың 3.1-параграфында түркі елдері ықпалдасуына қатысты мәселелер қарастырылған. Мұнда (182–187 беттерде) Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастарды кезеңдеуге қатысты мәліметтер

			берілген, ол негізінен 2-тарауда қамтылған. Кейіннен түркі елдері арасындағы ықпалдасу үдерісіне назар аударылады. 9. 3-тарауда түркі елдері арасындағы қатынастар үш кезеңге бөлініп берілген (190-б.). Бұл құнды жіктеу, алайда осы кезеңдер шеңберінде ынтымақтастық нәтижелерін кеңірек қарастыру және тарихи алғышарттарын толықтыру жұмыстың ғылыми деңгейін арттыра түсер еді. 10. 3-тарауда түркі елдері арасындағы қатынастар 3 кезеңге бөлініп көрсетілгенмен (190 бб.), түркі елдерінің ынтымақтастығының нәтижесі осы кезеңдер аясында жүйелі түрде зерделенбеген.Түркі елдері ынтымақтастығының тарихи алғышарты ашып көрсетілмеген. 11. Қорытындыда ұсынылған практикалық шешімдер жалпы сипатта берілген. Олар Қазақстан мен Түркияның ресми бағдарламалары мен стратегиялық құжаттарымен нақтырақ ұштастырылса, жұмыстың қолданбалы маңыздылығы арта түсер еді. Көрсетілген ескертулер диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерін жоққа шығармайды және оның жалпы сапасына нұқсан келтірмейді. Керісінше, болашақта зерттеуді толықтыруға бағытталған әдістемелік және мазмұндық ұсыныстар ретінде қарастырылады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертанттың жариялаған ғылыми мақалаларындағы қарастырылған мәселелер диссертация тақырыбына сай жазылған. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 12 ғылыми басылымда жарияланған. Бұл жарияланымдар зерттеу тақырыбына тікелей қатысты және зерттеу шеңберінде алынған теориялық тұжырымдар мен практикалық нәтижелерді нақты көрсетеді. Автор зерттеу нәтижелерін 5 халықаралық ғылыми конференцияда баяндама түрінде ұсынған. Зерттеу тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми журналдарда 5 мақала жарияланған. Сонымен қатар, автордың SCOPUS базасына енген мақаласы диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейін халықаралық талаптарға сәйкестендіреді. Бұл мақалалар сериясы зерттеу нәтижелерінің ғылыми құндылығы мен өзектілігін дәлелдейді.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдығы және практикалық маңыздылығы тұрғысынан қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері халықаралық қатынастар теориясы мен Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мәселелерін терең әрі жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Жоғарыда келтірілген бағалау мен негіздемелерге сүйене отырып, Туралин Есенғазыға «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы. (1991-2024 жж.) тақырыбындағы диссертациялық жұмысын «8D03106 – Аймақтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

К.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты **Иембекова М.О.**

ЗАВЕРЯЮ
Директор Департамента по человеческим ресурсам и документации
«_____»